

Зейнеткерлерді және халықтың табысы аз жіктерін әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорларын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 15 шілде N 1805. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Зейнеткерлерді, еңбекке жарамсыздарды және табысы аз азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында қаулы етемін:

1. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері жанынан зейнеткерлерді және халықтың табысы аз жіктерін әлеуметтік қорғау жөнінде жалпы мөлшері қосымшаға сәйкес 50 млн. АҚШ долларына барабар аймақтық қайырымдылық қорлары (бұдан былай қорлар) құрылсын, оның ішінде 25 млн. доллар орталықтандырылған көздер есебінен іздестірілсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті мен облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері аталған қорлардың қаржысын қалыптастыруды 1994 жылғы 1 қарашадан кешіктірмей аяқтайтын болсын.

Облыстардың, Алматы, Ленинск қалаларының әкімдері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қорларға қаржы бағыттап отырсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жергілікті көздерден қорларға түсетін қаржыға пропорциялы түрде республикалық бюджеттен қорларға қаржы аударатын болсын.

2. Былай деп белгіленсін:

қорлардың қаржысы банктік депозиттерге немесе мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылады, ал олардан түскен табыс қорлардың қаржысын еселей түсу үшін пайдаланылады; <*>

қорлардың табысы халыққа қайырымдылық көмек көрсетуге бағыттталатыны ескеріліп, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қорлардың қаржысын комиссиялық сыйақы төлеуінсіз мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылсын; <*>

қорға басшылықты әкіммен бірлесіп құрылатын Басқарма жүзеге асырады. Басқарманың құрамына ардагерлер ұйымдарының, халықты әлеуметтік қорғау органдарының өкілдері. <*>

Жәрдемақы мен көмек адамдарға Қор басқармасының шешімі анықтаған мөлшерде аталып беріледі.

Ескерту. 2-тармақтың 2-ші,3-ші және 4-ші абзацтарына өзгерістер

енгізілген - ҚР Президентінің 1995.06.28. N 2349

Жарлығымен.

3. Қор қызметінің негізгі бағыттары:

- зейнеткерлерге және азаматтардың табысы аз және еңбекке жарамсыз өзге де санаттарына арнаулы қаржы және материалдық қолдау көрсету;

- денсаулық сақтау мекемелерінде емдеу және сауықтыру қызметін көрсету ақысын төлеуге көмек көрсету;

- ерекше мұқтаж азаматтарға тегін түстік беретін асханалар ұйымдастыру деп анықталсын.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері "Зейнеткерлер мен мүгедектердің арасындағы жалғыз тұратын жұмыс істемейтін азаматтарды әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 қаңтардағы N 1509 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ, 1994 ж., N 4, 30-бап) орындалуы туралы 1994 жылғы 15 тамызға қарай баяндайтын болсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан

Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясы мен республика Президентінің аймақтар бойынша өкілдеріне жүктелсін.

6. Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1994 жылғы 15 шілдедегі
N 1805 Жарлығына
Қосымша

Зейнеткерлерді және халықтың табысы аз жіктерін
әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық

қорларының

Мөлшері

(барабарлығы-мың АҚШ
доллары)

Облыстар және республикалық ! Барлығы ! Оның ішінде республикалық
бағыныстағы қалалар ! ! бюджет есебінен

1. Ақмола	2562	1200
2. Ақтөбе	2023	994
3. Алматы	2768	1700
4. Атырау	1200	600
5. Шығыс Қазақстан	3856	1800
6. Жамбыл	2784	1400
7. Жезқазған	1360	600
8. Батыс Қазақстан	2000	1000
9. Қарағанды	4096	1900
10. Қызылорда	1648	824
11. Көкшетау	2128	1084
12. Қостанай	3488	1700
13. Маңғыстау	592	300
14. Павлодар	2768	1200
15. Солтүстік Қазақстан	2080	1100
16. Семей	2832	1420
17. Талдықорған	2208	1200
18. Торғай	768	438
19. Оңтүстік Қазақстан	4384	2200
20. Алматы қаласы	4366	2300
21. Ленинск қаласы	80	60
Жиыны	50000	25000